

"Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы N 1407 Қаулысы
"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

**"ҚАЗАЭРОНАВИГАЦИЯ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСПОРЫН
ДАМЫТУДЫҢ 2003-2005 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЫ**

Астана, 2002 ж.

МАЗМҰНЫ

1. "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың жай-күйі мен перспективалары туралы баяндама
- 1.1. Кәсіпорын миссиясы. Құрылуы мен қызметінің қысқаша тарихы. Кәсіпорынды басқарудың ұйымдық құрылымы
- 1.2. Кәсіпорынның 1995 жылғы 1 шілдеде құрылған кезінен бергі өндірістік-қаржылық дамуын талдау
- 1.3. Қаржылық-экономикалық қызметтің 2000-2001 жылдардағы нәтижелері, 2002 жылы күтілетін көрсеткіштер

2. "Қазақэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың инвестициялық жоспары. Кәсіпорынды дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспары

2.1. Қызметтер көрсету өндірісінің даму серпіні

2.2. 2003-2005 жылдарға арналған инвестициялық қызмет

3. Дамытудың маңызды көрсеткіштерінің болжамы

3.1. Маркетингтік зерттеулер

3.2. Болжамды тарифтер

3.3. Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қатынас

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР

РМК	Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
ӘК	Әуе кеңістігі
ИКАО	Халықаралық азаматтық авиация ұйымы
ИАТА	Халықаралық авиатасымалдаушылар қауымдастығы
ӘҚБ	Әуе қозғалысын басқару
АНҚ	Аэронавигациялық қызмет көрсету
АНЖ	Аэронавигациялық жүйе
ӘҚБ АЖ	Әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі
АЖО	Автоматтандырылған жұмыс орны
ӘҚҰ	Әуе қозғалысын ұйымдастыру
ЖӘЖ	Жергілікті әуе желілері
ӘҚҰА	Әуе қозғалысын ұйымдастыру ауданы
CNS/ATM	"Әуе қозғалысын ұйымдастыру мүддесіндегі Байланыс, Навигация, Байқау" тұжырымдамасы
GPS	Ғарыштық орналасу жүйесі
FANS	Болашақтағы навигациялық жүйелердің тұжырымдамасы
ATN	Аэронавигациялық телекоммуникациялық жүйе
ЕРР(ВРЛ)	Екінші реттік радиолокатор
GNSS	Ғаламдық навигациялық спутниктік жүйе
ЕШРЛ	Екінші шолу радиолокаторы
РТЖБПҚ	Радиотехникалық жабдықтарды және байланысты пайдалану қызметі
ӘҚҰҚ	Әуе қозғалысын ұйымдастыру қызметі

1. "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың жай-күйі мен перспективалары туралы баяндама

1.1. Кәсіпорын миссиясы. Құрылуы мен қызметінің қысқаша тарихы, кәсіпорынды басқарудың ұйымдық құрылымы.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе қозғалысын басқару, ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз етудің жер үсті құралдары мен электр байланысын техникалық пайдалану жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - "Қазаэронавигация" РМК) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне аэронавигациялық қызмет көрсетуге арналған Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ұлттық провайдері болып табылады. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушыларға аэронавигациялық қызметтер ұсынудың эксклюзивтік құқықтарына ие. Кәсіпорын миссиясын орындау үшін негізгі мәселелер:

Қазақстан Республикасының әуе қозғалысын жоспарлау;

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде және әуеайлақ аудандарында әуе қозғалысын басқару;

ұшуларды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету;

аэронавигациялық жүйені (бақылау, навигация және байланыстың кіші жүйелерін) құру, дамыту және пайдалану;

Кәсіпорынның құрылуы мен қызметінің қысқаша тарихы.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін. Қазақ азаматтық авиация басқармасы шаруашылық функцияларын жаңадан құрылған "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясына (бұдан әрі - ҰААК) беру арқылы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация департаменті болып қайта құрылды. "Қазақстан әуе жолы" ҰААК қайта құрылуына байланысты, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 10 мамырдағы N 489 қаулысымен және "Қазаэронавигация" кәсіпорнын "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясының құрамынан бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 1995 жылғы 22 маусымдағы N 133 бұйрығымен "Қазаэронавигация" РМК құрылды. Кәсіпорынның құрылған кезінде әуе қозғалысын ұйымдастыруды басқару әуе қозғалысын ұйымдастырудың (бұдан әрі - ӘҚҰ) 18 аудандық орталықтары арқылы жүзеге асырылды. Республиканың аэронавигациялық жүйесі КСРО әуе кемелеріне ішкі трафикпен қызмет көрсетуге бағдарланған жүйе болды және халықаралық авиациялық қоғамдастықтың талаптарына сәйкес болмады, сонымен қатар жабдықтардың тозу дәрежесінің жоғарылығымен ерекшеленді.

Өзінің жұмыс істеген кезінен бергі қысқа кезеңде кәсіпорын әуе кеңістігін басқаруды ұйымдастырудың жүйесін жетілдіруге, жабдықтарды жаңартуға және өз қызметін оңтайландыруға бағытталған бірқатар маңызды және күрделі іс-шараларды жүзеге асырды:

бұрынғы КСРО ережелері бойынша пайдаланушыларға қызмет көрсетуді қатар жүргізе отырып, Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (бұдан әрі - ИКАО) ұсынымдарына сәйкес халықаралық стандарттар бойынша әуе кеңістігін пайдаланушыларға қызмет көрсетуге көшті;
Бұдан басқа кәсіпорын:

Қазақстан Республикасының әуе қозғалысын жоспарлау бас орталығын, әуе қозғалысын басқару (бұдан әрі - ӘҚБ) диспетчерлерін даярлау жүйесін құрды және қазіргі уақытта барлық әуе жолдарына халықаралық сертификаттары бар диспетчерлер қызмет көрсетеді, ұзақтығы 1995 жылғы 5 мың километрден 2002 жылы 55 мың километрге дейін артқан халықаралық транзиттік әуе қатынастарының желісін құрды;

әуе қозғалысын ұйымдастыру аудандарын (бұдан әрі - ӘҚҰА) 12-ге дейін қысқарту арқылы, қозғалысын басқару қызметін қайта құрды;

бастапқы локаторлар желісін жаңғыртып, қайталама локаторлар жүйесін құрды; транзиттік бағыттар навигациясының желісін жаңғыртты;

ӘҚБ автоматтандырылған жүйесін (бұдан әрі - ӘҚБ АЖ) құрудың бастамасын жасады. Қазіргі уақытта автоматтандырудың бірінші кезеңі аяқталды - Алматы, Ақтөбе қалаларында ӘҚБ АЖ екі орталығы құрылды. Екінші кезең - сандық аэронавигация желісін құру басталды;

әуеайлақтық локаторлары мен қондырудың құралдық жүйесінің желілерін жаңғыртуды жүргізеді;

өзінің ұлттық аэронавигациялық ақпарат жүйесін құрады, оның шеңберінде Қазақстан Республикасының тарихында бірінші рет аэронавигациялық ақпарат жинағын (бұдан әрі - ААЖ) шығару жүзеге асырылды, Нотам - кеңсесі ашылды; әуе кемелерінің (бұдан әрі - ӘК) экипаждарына қызмет көрсету үшін "Брифинг" ұйымдастырылды.

Кәсіпорынды басқарудың ұйымдық құрылымы.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасы қалаларындағы 17 филиалдан және Алматы филиалымен біріккен Алматы қаласындағы бас кеңседен тұрады. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының әуе айлақтарындағы 12 жауапкершілікті аудандар мен 18 әуеайлақ аудандарына бөлінген Қазақстан Республикасының бүкіл жоғарғы әуе кеңістігіндегі қозғалысты басқаруды жүзеге асырады. Жоғарғы әуе кеңістігін басқару Алматы және Ақтөбе қалаларында орналасқан екі ӘҚБ АЖ орталықтарынан жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның негізгі қызметтері Радиотехникалық жабдықты және байланысты пайдалану қызметі (бұдан әрі - РТЖБПҚ) мен құрамына Әуе қозғалысын жоспарлаудың бас орталығы мен Аэронавигациялық ақпарат қызметі кіретін Әуе

қозғалысын ұйымдастыру қызметі (бұдан әрі - ӘҚҰҚ) болып табылады. Кәсіпорынды Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің бұйрығымен тағайындалатын Бас директор басқарады. Кәсіпорынның қазіргі уақыттағы ұйымдық құрылымы өндірістік және әкімшілік қызметті орталықтан басқаруды толық қамтамасыз етеді.

1.2. Кәсіпорынның 1995 жылғы 1 шілдеде құрылған кезінен бергі өндірістік-қаржылық дамуын талдау.

1995-2001 жылдар кезеңінде әуе қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру тек ішкі әуе тасымалдауларын дамытуға бағытталып қана қоймай, сонымен қатар Қазақстан Республикасы ӘК транзиттік әлеуетін барынша ашуға бағытталды.

Жалпы қызмет көрсетілген ұшақ-километрлер мөлшері 591 млн. км. құрады, оның ішінде :

1995 жылы	46,7 млн. км.	1999 жылы	88,3 млн. км.
1996 жылы	76,3 млн. км.	2000 жылы	94,1 млн. км.
1997 жылы	100,1 млн. км.	2001 жылы	92,6 млн. км.

1998 жылы 93,7 млн. км.

Қызмет көрсетілген тасымалдаулардың жалпы көлемінің 72%-ы шет елдік авиакомпанияларға, соның ішінде - 42%-ы алыс шет ел, 30%-ы - ТМД елдерінің авиакомпанияларына тиесілі.

Егер 1996 жылы Қазақстан Республикасы әуе кеңістігі арқылы шет ел авиакомпаниялары тасымалдауының меншікті үлесі 68% құраса, ал 2000 жылы бұл 72% - ға жетті.

Халықаралық әуе жолдарының желісін оңтайландыру, жабдықтарды жаңғырту мен басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша жүргізілген жұмыс әуе қозғалысына қызмет көрсету аудандарын ірілендіруге және кәсіпорынның өндірістік қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Жүргізілген жұмысқа қарамастан, 1998 жылғы тамыз айында Ресей Федерациясында болған дағдарыс салдары ТМД елдері мен Қазақстан Республикасы авиакомпанияларының ұшақ-километр бойынша өсу қарқынын 1999 жылы 6%-ға төмендетті. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі АҚШ-тағы террорлық актілердің салдары әуе тасымалдауына сұраныстың құлдырауына 2001 жылдың қорытындысы бойынша ұшақ-километрлер мөлшерінің тиісінше 2,8% төмендеуіне әкелді.

"Қазаэронавигация" РМК-ның қаржылық даму серпіні 1-кестеде келтірілген.

1 - к е с т е

млн. теңге

Жылдар	Табыстар	Шығыстар	Оның ішінде еңбекақы қоры	Бюджетке төлемде	Таза табыс
1995	873	547	232	168	279

1996	3 880	1 593	752	364	1 924
1997	3 960	2 952	892	565	967
1998	3 945	2 994	983	759	592
1999	6 754	3 534	978	1 513	2 474
2000	7 343	4 370	1 002	2 163	1 919
2001	7 080	4 504	1 093	1 870	1 615

1995-2001 жылдардағы кәсіпорынның табысы 33 835 млн. теңгені құрады.

Ең көп табысқа 2000 жылы қол жетті, ал 7 343 млн. теңгені құрады. 2001 жылғы қыркүйек оқиғаларының салдары 2001 жылдың қорытындысы бойынша табыстың 4% төмендеуіне әкелді.

Кәсіпорынның 1995-2001 жылдардағы шығыстары 20 494 млн. теңгені құрады.

1995-2001 жылдарда республикалық және жергілікті бюджеттерге жиынтық аударым 7 024 млн. теңге мөлшерінде жүргізілді, бұл табыстың 21%-ын құрады.

Кәсіпорынның 1995-2001 жылдардағы таза табысы 9 770 млн. теңге немесе табыстың 29%-ын құрады.

1995-2001 жылдардағы еңбекақыға жұмсалатын шығыстар 5 932 млн. теңге немесе жиынтық шығыстың 28%-ын құрады.

1995-2001 жылдардағы кәсіпорын қызметкерлерінің орташа жылдық саны 2810 адамды құрады (орташа алғанда олардың 6%-ы - әкімшілік қызметшілер), оның ішінде:

1995 ж.	964 адам	1999 ж.	2900 адам
1996 ж.	2703 адам	2000 ж.	2596 адам
1997 ж.	3204 адам	2001 ж.	2593 адам

1998 ж. 3310 адам

1.3. Қаржылық-экономикалық қызметтің 2000-2001 жылдардағы нәтижелері, 2002 жылда күтілетін көрсеткіштер.

2000-2001 жылдардың қорытындылары бойынша кәсіпорынның қаржылық-экономикалық қызметі АҚШ-тағы 2001 жылғы қыркүйек оқиғаларының және әлемдік авиация саласындағы қаржылық дағдарыстың салдарынан көрсетілетін қызметтер көлемінің құлдырауымен сипатталады. 2001 жылдың бірінші жарты жылдығындағы көрсеткіштердің орындалуына қарамастан, қыркүйектен кейін әуе тасымалдауына сұраныстың құлдырауы 2000 жылмен салыстырғандағы жыл көрсеткіштерінің төмендеуіне әкелді.

Кәсіпорын бойынша бүкіл өндірістік көрсеткіштер мынаны құрады:

2000 жылда ұшақ-километрлер - 94,1 млн. км, 2001 жылы - 92,6 млн. км және 2002 жылы 93,9 млн. км деңгейінде күтілуде;

2000 жылғы ұшақ-ұшып шығу тоннажы - 1,2 млн. тонна, 2001 жылы - 1,4 млн. тонна және 2002 жылы 1,5 млн. тонна мөлшерінде күтілуде.

2001 жыл ішінде Қазақстан Республикасы әуе кеңістігіндегі транзиттік ұшулар саны орташа алғанда 3% төмендеді және қалпына келу қарқыны төмен. Осының салдарынан көрсетілетін қызметтер көлемі 2000 жылы қол жеткен және 2002 жылы күтілетін көрсеткіштер деңгейіне кеміді.

2000 жылы кәсіпорын 7 343 млн. теңге, 2001 жылы 7 080 млн. теңге сомасында табыс алды және 2002 жылы - 7 421 млн. теңге мөлшерінде күтілуде. 2000 жылы аэронавигациялық қызмет көрсету (бұдан әрі - АНҚ) - негізгі қызмет бойынша - 6 756 млн. теңге, 2001 жылы, тиісінше - 6 634 млн. теңге және 2002 жылы - 7 153 млн. теңге сомасында қызметтер көрсетілді.

2001 жылы табыстың құлдырауына байланысты кәсіпорынның шығындарын оңтайландыру жүргізілді. Алайда, объективті себептер бойынша 2001 жылдың екінші жартыжылдығының кейбір іс-шаралар орындалмағандықтан, кәсіпорын оларды 2002 жылға ауыстыруға мәжбүр болды (жабдықтарды құрастыру және ұстау, қосалқы бөлшектерді ауыстыру мен жөндеу). 2000 жылы шығыстар - 4 370 млн. теңгені, 2001 жылы - 4 504 млн. теңгені құрады және 2002 жылы - 5 028 млн. теңге көлемінде күтілуде. Шығындардың өсуіне сонымен қатар шикізатқа, материалдарға, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге тұтыну бағаларының өсуі, АҚШ доллары бағамының өсуі әсер етеді.

Кәсіпорын қызметінің реттемелі түрін жүзеге асыруға байланысты шығындар барлық шығыстардың 80%-дан астамын құрайды. 2000 жылы оларға 3 442 млн. теңгеден, 2001 жылы - 3 723 млн. теңгеден келді, 2002 жылғы бағалау бойынша - 4 073 млн. теңге деңгейінде күтілуде. Кәсіпорынның көрсетілген қызметтер көлеміндегі өзіндік құн орташа алғанда 60%, кезең шығыстары - 35% және негізгі емес қызметтер - 5% құрады. 2002 жылы негізгі емес қызметтерге байланысты шығыстар күрт ұлғаяды және кәсіпорынның мынадай негізгі өндірістік құралдарын беруге байланысты 548 млн. теңгені құрайды:

Алматы қаласының коммуналдық меншігіне ғимаратты беру "Кәсіпорын теңгерімінен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне Бөгенбай батыр көшесі, 156-а мекен-жайындағы ғимаратты беру туралы" (Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитетінің 2001 жылғы 14 тамыздағы N 121 қаулысы);

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің теңгеріміне Алматы қаласындағы Аэровокзал ғимаратын беру. ("Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі N 1004 қаулысы);

Кәсіпорынның өндірістік-қаржылық қызметінің нәтижелері бойынша 2000 жылғы салық салуға дейінгі табысы - 2 973 млн. теңгені, 2001 жылы - 2 576 млн. теңгені және 2002 жылғы бағалау бойынша - 2 393 млн. теңгені құрады. Таза табыс, тиісінше 1 919 млн. теңге, 1 615 млн. теңге және 1 520 млн. теңге.

2000 жылғы республикалық және жергілікті бюджетке төлемдер - 2 182 млн. теңге, 2001 жылғы - 1 918 млн. теңге және 2002 жылғы бағалау бойынша - 1 800 млн. теңге. Таза пайдадан аударым нормативі бойынша төлемдер сомасы, тиісінше, 57,8 млн. теңге, 64,6 млн. теңге және 91 млн. теңге.

Қалған 4 630 млн. теңге таза табыс, 2 882 млн. теңге амортизациялық аударыммен бірге кәсіпорынның инвестициялық бағдарламасын қаржыландыруға бағытталатын болады.

Кәсіпорынның 2000-2002 жылдарғы дебиторлық берешегі жыл сайын орташа алғанда 4 021 млн. теңгені құрайды. Кәсіпорынның негізгі борышкері "Эйр Қазақстан" ЖАҚ болып табылады, осылайша компанияның көрсеткен қаржылық көмегінің сомасы - 1 484 млн. теңгені, АНҚ қызметтері үшін берешек - 591 млн. теңгені құрады.

Кәсіпорынның кредиторлық берешегі 2000 жылы 3 489 млн. теңгені, 2001 жылы - 2 931 млн. теңгені және 2002 жылғы бағалау бойынша - 2 210 млн. теңгені құрады, оның ішінде банктердің ұзақ мерзімді кредиттері бүкіл берешектің 90%-ына жуығын құрайды. Кредиторлық берешекті өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындау уақытылы жүргізілуде.

2000 жылы еңбекақыға жұмсалатын шығыстар 1008 млн. теңгені, 2001 жылы 1093 млн. теңгені және 2002 жылғы бағалау бойынша - 1249 млн. теңгені құрады.

2000 жылғы орташа тізімдік сан 2596 адамды, 2001 жылы - 2593 адамды және 2002 жылғы бағалау бойынша - 2645 адамды құрады. Кәсіпорындағы өндірістік қызметшілердің үлес салмағы 86%-ды құрады.

2000 жылы орташа айлық жалақы кәсіпорын бойынша 32 351 теңгені, 2001 жылы - 35 330 теңгені және 2002 жылғы бағалау бойынша - 39 351 теңгені құрады.

2000-2002 жылдары жалақы қоры мен тиісінше орташа айлық жалақыны ұлғайту біліктілігі жоғары өндірістік қызметшілер орындайтын жұмыс көлемінің кеңеюіне байланысты. 2002 жылғы бағалау бойынша өндірістік қызметшілердің орташа жалақысы 39 526 теңгені құрайды.

1993 жылдан бастап, Қазақстан Республикасының АНЖ айтарлықтай жаңғыртуға ұшырады, оның басты мақсаты ӘҚБ-ның ескірген жабдықтарын ауыстыру және оның негізгі параметрлерін халықаралық азаматтық авиацияның талаптарына сәйкестікке дейін жеткізу болды.

Он жыл ішінде (1993-2002 жылдар) ӘҚҰА-да АНҚ радиотехникалық қамтамасыз етуді жақсарту үшін мыналар орындалды:

Алматы мен Ақтөбеде ӘҚБ АЖ-ның жол Орталықтары, сондай-ақ Алматы мен Астанада ӘҚБ АЖ-ның әуеайлақтық Орталықтары құрылды;

14 қайталама радиолокациялық кешен іске қосылды;

дербес компьютерлер негізінде "Синтез АРМ-Р", "Синтез АРМ-А" қазіргі заманғы бейнелеу аппаратурасы орнатылды және бірқатар іс-шаралар орындалды.

Қазақстан Республикасының АНЖ-сін жаңғырту бойынша орындалған

жұмыстардың үлкен көлеміне қарамастан, радиотехникалық жабдықтарды ауыстыру және жаңғырту жөніндегі көптеген міндеттер қаржы қаражаттарының жетіспеушілігіне байланысты аяқталмай қалды:

көптеген әуеайлақтық шолу радиолокаторлары белгіленген ресурсты пайдаланып болды және ресурсы ұзартылды;

қонудың радиомаяқты жүйелерінің 26 жиынтығының 15-1 ұзартылған ресурсқа ие;

2003 жылға қарай барлық жетекті радиостанциялар (Алматыны қоспағанда) белгіленген ресурсты пайдаланып болды;

өте жоғары жиілікті (бұдан әрі - ӨЖЖ) және жоғары жиілікті (бұдан әрі - ЖЖ) өрістің радиобайланыс құралдары іс жүзінде белгіленген ресурсты 100 % пайдаланды;

"әуежай-қала" учаскелеріндегі байланыстың кабельдік және радиорелелік желілері өз жұмыс мерзімін аяқтады;

диспетчерлік дауыстап сөйлеудің байланыс жүйесі белгіленген ресурсты пайдаланып болды.

инвестициялық қызмет шеңберінде аэронавигациялық жүйені дамыту мақсатында кәсіпорын жалпы алғанда, 2000 жылы 2 700 млн. теңге, 2001 жылы - 2 545 млн. теңге бағыттады және 2002 жылы 3 362 млн. теңге бағыттау күтілуде. 2000 жылы инвестициялар меншікті қаражат есебінен 1 846 млн. теңге және "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ кредитінен - 854 млн. теңге мөлшерінде қаржыландырылды. 2001 жылы инвестициялар меншікті қаражат есебінен толық қаржыландырылды. 2002 жылы меншікті қаражат 2 622 млн. теңге және банк кредиттері - 740 млн. теңгені құрайды.

2. "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың инвестициялық жоспары. Кәсіпорынды дамытудың 2003-2006 жылдарға арналған жоспары

2.1. Қызметтерді өндірудің даму серпіні

1) Кәсіпорынды дамыту перспективаларын анықтау азаматтық авиацияны дамытудың әлемдік үрдістерінің соңғы өзгерістерін ескере отырып жүргізілді. 2001 жылғы қыркүйек оқиғаларынан кейін әуе тасымалдауына сұраныстың шұғыл құлдырауы, шетел және ТМД әуе компанияларының ӘК транзиттік ұшуларының қысқаруы және одан кейін орын алған авиатасымалдаушылардың қаржылық дағдарысы 2003-2005 жылдарға арналған өндірістік-қаржылық көрсеткіштердің болжамын анықтап берді:

ұшақ-километрлер - 282,6 млн. км., оның ішінде 2003 жылы - 94 млн. км., бұл 2002 жылы күтілетін көрсеткіш деңгейінде;

ұшақ-ұшып шығулар тоннажы - 4,7 млн. тонна, оның ішінде 2003 жылы - 1,54 млн. тонна, 2002 жылға - 2,7% өсумен.

Авиакомпаниялардың Қазақстан Республикасының әуежайларына қону арқылы

ұшулары біршама жанданды, өсім 10,5% деңгейінде болжамдалуда, алайда қызмет көрсетудің бұл түрінің кәсіпорын табысындағы үлес салмағы шамалы екенін ескерген жөн.

Кәсіпорынның 2003-2005 жылдарға арналған өндірістік-қаржылық көрсеткіштері 2 НК нысанында (1-қосымша) және 2003 жылға арналған 1 НК нысанында (6-қосымша) келтірілген.

Қаржылық көрсеткіштерді жоспарлау кезінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2002-2005 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштері пайдаланылды.

Кәсіпорын 2003-2005 жылдары 23 753 млн. теңге сомасында, оның ішінде 2003 жылы - 7 658 млн. теңге, 2002 жылға - 237 млн. теңге немесе 3,2% өсумен пайда алуды жоспарлап отыр. 2004-2005 жылдары өсу пайызы жыл сайын кемінде 3% құрайтын болады (2, 7 - қосымша).

АНҚ-дан, табиғи монополия субъектісінің реттемелі қызмет түрінен 2003-2005 жылдарда түсетін кірістер 23 002 млн. теңгені, оның ішінде 2003 жылы - 7 397 млн. теңгені құрайды. 2003 жылы АНҚ кірістерінің өсуі 2002 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 3,4%-ды құрайды. Бұдан әрі, 2004-2005 жылдары кірістердің өсімі жыл сайын 3,5%-ды құрайтын болады. АНҚ үшін кірістердің үлес салмағы кәсіпорынның жалпы табысының 97%-ын құрайды.

Телекоммуникация қызметтері, негізгі құралдарды жалға беру, техникалық, көліктік, коммуналдық және жылу-энергетикалық қызмет көрсетулер бойынша ілеспе қызметтер жататын басқа да қызметтерден түсетін табыс 2003-2005 жылдары 361 млн. теңге, оның ішінде 2003 жылы 131 млн. теңгені құрады. Басқа қызметтен түсетін табыстың 2003 жылы 5%-ға және одан әрі 2005 жылы 2002 жылмен салыстырғанда 20,3%-ға төмендеуі телефон желісінің абоненттерін бөтен ұйымдарға және "Қазақэронавигация" РМК филиалдары пәтер секторын "Қазақтелеком" ААҚ-ға беруге байланысты болып отыр.

2003-2005 жылдары банктің, ИАТА-ның есептелген пайыздарынан және оң бағам айырмасынан құралатын негізгі емес қызметтер бойынша табыстар 2003-2005 жылдары 390 млн. теңгені, оның ішінде 2003 жылы 2002 жылдың деңгейінде 130 млн. теңгені құрайтын болады.

2003-2005 жылдарға арналған шығыстар тұтыну бағаларының өзгеруі және жұмыстарға, қызмет көрсетулерге және тауар-материалдық құндылықтарға валютамен төленетін теңгеге қатысты АҚШ доллары бағамының өсуі, сондай-ақ энергияны аз қажет ететін жабдықтарды пайдалануға енгізу нәтижесінде шығындарды оңтайландыруды жүргізу негізінде жоспарлануда (3, 4, 8, 9-қосымшалар).

Кәсіпорын 2003-2005 жылдары өндірістік, әкімшілік, жалпы шаруашылық және басқа да мұқтаждарға жалпы сомасы 20 535 млн. теңге шығын жасауды жоспарлауда. 2003 жылы шығыстар 2002 жылға - 28,4%-ға өсе отырып, 6455 млн. теңгені құрайды.

2004-2005 жылдары шығындардың жыл сайынғы өсуі орташа алғанда 6% құрайтын болады.

2003 жылғы шығындар өсуінің жоғары қарқыны кәсіпорынның бүкіл аэронавигациялық жүйесінің (әрі қарай - АНЖ) үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында өндірістік процеске материалдық, еңбек және қаржы қаражаттарының бұрынғыдан көбірек жұмсалу қажеттілігіне байланысты. Бұл шығындарға радионавигация, радиолокация және байланыс құралдарын жөндеу, қалпына келтіру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар кіреді. Аталған шығындар, тарифтер бекітілген кезде, монополияға қарсы заңнамаға сәйкес негізделетін болады.

Қазақстан Республикасы экономикасының өнеркәсіптік секторы аэронавигациялық міндеттерді шешу үшін жабдық шығармайды. Мемлекетте авиациялық бейіндегі ғылыми-зерттеу ұйымдары дамымай отыр, сондықтан да "Қазаэронавигация" РМК ұшуды ӘҚҰ мен қамтамасыз етудің радиотехникалық жабдықтау кешенін дамыту, жаңғырту және қолдау үшін импорттық жабдықтарды сатып алуға, сондай-ақ сараптау және сертификаттау үшін шетелден мамандар тартуға мәжбүр.

Өндірістік шығыстарды (шикізат, материалдар, қосалқы бөлшектер, электр энергиясын, жанар-жағармай материалдары, негізгі құралдарды ағымдағы жөндеуден өткізу және т.с.с.) кәсіпорын 2003-2005 жылдарға 3631 млн. теңге, оның ішінде 2003 жылы - 1141 млн. теңге мөлшерінде жобалап отыр. Радиотехникалық жабдықтарға және байланыс құралдарына қосалқы бөлшектерді кәсіпорын шетел валютасына жабдықты жасап шығарушы елдерден (Ресей, Германия, Франция) сатып алады.

2003-2005 жылдардағы өндірістік шығыстардың үлес салмағы кәсіпорынның жалпы шығынының 17,7% - ын құрайды.

2003-2005 жылдары еңбекақы төлеуге 5377 млн. теңге жұмсау болжамдалуда. 2003 жылы шығыстар 2002 жылға 35,6% өсе отырып, 1694 млн. теңгені құрайды. Еңбекақы төлеу шығыстарының өсуі кәсіпорын қызметкерлерінің нақты санын нормативтік санға және еңбек ақы төлеу туралы әзірленген ережеге сәйкестікке келтіруге байланысты. Нәтижесінде, 2003 жылы кәсіпорынның штат санын 2002 жылмен салыстырғанда 2,6%-ға, орташа жалақыны 32,1%-ға арттыру қарастырылуда. 2004-2005 жылдар ішінде еңбекақы төлеу қоры Қазақстан Республикасындағы тұтыну бағалары индексінің өсуі шегінде артатын болады және жыл сайын орташа 5,6% құрайды. Еңбекақы төлеу қорына 2003-2005 жылдары кәсіпорынның бүкіл шығынының 26,2%-ы келеді.

2003-2005 жылдары амортизациялық аударымдар 4934 млн. теңгені, оның ішінде 2003 жылы 1,554 млн. теңгені құрайды. 2003 жылы амортизациялық аударымдар 2002 жылмен салыстырғанда 26,7%-ға артады. 2004-2005 жылдарда амортизациялық аударымдардың жыл сайынғы өсуі орташа алғанда 7% құрады. Амортизациялық аударымдардың өсуі радиотехникалық құралдарды және телекоммуникация жүйелерін жаңғырту, сондай-ақ ескірген жабдықты ауыстыру нәтижесінде кәсіпорын активтерінің артуына байланысты. Амортизациялық аударымдардың жалпы шығындардағы үлес

с а л м а ғ ы

2 4 % - д ы

қ ұ р а й д ы .

2003-2005 жылдары кәсіпорын алынған кредиттер бойынша пайыздарды 809 млн. теңге сомасында, оның ішінде 2003 жылы - 264 млн. теңге, 2004 жылы - 270 млн. теңге, 2005 жылы - 275 млн. теңге төлейді. Төлемдердің үлес салмағы кәсіпорынның жалпы шығынының

3 , 9 % - ы н

қ ұ р а й д ы .

Банктік қызмет көрсетулер, кеңсе шығыстары, шығындарға ҚҚС, жалпы шаруашылық және үстеме шығыстар, негізгі емес қызмет шығыстары кіретін кәсіпорынның басқа да шығыстары 2003-2005 жылдарда 5559 млн. теңге, оның ішінде 2002 жылға 4 млн. теңгеге азая отырып, 2003 жылы 1732 млн. теңгені құрайды. Басқа шығыстардың үлес салмағы кәсіпорынның жалпы шығынының 27,1%-ын құрайды.

Әлеуметтік салаға арналған шығыстар 225 млн. теңге немесе кәсіпорынның жалпы шығынының 1,1%-ын құрайды. 2003 жылы бұл мақсаттарға 70 млн. теңге бөлінетін болады, бұл 2002 жылда күтілгеннен 14 млн. теңге артық.

Кәсіпорынның 2003-2005 жылдардағы реттемелі қызметі бойынша шығыстары 18 115 млн. теңгені, оның ішінде 2003 жылы - 5,665 млн. теңгені құрайды. Бүкіл шығынның шамамен 90%-ын кәсіпорын негізгі қызметке жұмсайтын болады. Жыл сайын шығыстар орташа алғанда 17%-ға артатын болады, бұл өндірістік мақсаттарға арналған тұтынатын өнімдер, жұмыстар мен қызметтер көлемінің ұлғаюына, сонымен қатар олардың бағаларының өсуіне де байланысты.

2) Әлеуметтік және кадр мәселелері

Кәсіпорынның тізімдік саны 2003-2005 жылдары орташа алғанда 2743 адамды құрайды.

Қызметшілердің құрылымдық саны былайша қалыптасатын болады:

әкімшілік-басқару қызметшілері - жалпы санының 14%-ы;

өндірістік қызметшілер - жалпы санының 86%-ы, оның ішінде:

РТЖБПҚ - жалпы санының 48%-ы, әуе қозғалысын ұйымдастыру қызметі ӘҚҰҚ - жалпы санының 28%-ы, басқа қызметшілер - жалпы санының 10%-ы.

Жаңа жабдықтардың енгізілуіне, Қазақстан Республикасы әуе кеңістігін пайдаланушылар құрамының өзгеруіне байланысты кәсіпорынның авиадиспетчерлері мен инженерлік-техникалық қызметшілерін кәсіби даярлауға қойылатын талаптар күшеюде.

Кәсіпорын жыл сайын 300-ге жуық адамды - ӘҚҰҚ және РТЖБПҚ мамандарын шетелдік оқу орындарының біліктілікті жоғарылату курстарына, қазақстандық жоғары оқу орындарына, навигациялық жабдықты жасап шығарушы зауыттарға жіберу керек. Бұл мақсатқа 100 млн. жуық теңге бөлу қажет болады.

Кадрларды ауыстыру мақсатында жыл сайын Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарынан ӘҚҰҚ және РТЖБПҚ үшін жас мамандар конкурстық негізде жұмысқа шақырылатын болады. Бұл мақсаттар үшін кәсіпорынға жыл сайын кемінде 3 млн. теңге

б ө л у

қ а ж е т

б о л а д ы .

3) Қоршаған ортаны, еңбекті және қауіпсіздік техникасын қорғау.

2003-2005 жылдары кәсіпорынға Республиканың заңнамалық кесімдеріне сәйкес, қоршаған ортаны, еңбекті және қауіпсіздік техникасын қорғауға бағытталған мынадай негізгі іс-шараларды орындау міндеті тұр:

қажетті зертханалық-құралдық зерттеу арқылы объектілердің санитарлық-гигиеналық және эпидемиологиялық тексерілуін жүргізе отырып, еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарына аттестаттау өткізу;

алдын ала және мезгіл-мезгіл медициналық тексерулер өткізу;

қызметкерлерді арнайы киіммен, аяқ киіммен, жеке қорғану құралдарымен, жеңілдіктермен және өтемақылармен қамтамасыз ету;

кәсіпорын теңгеріміндегі объектілерді өртке қарсы қорғауға байланысты жұмыстар к е ш е н і н жү р г і з у ;

қоршаған ортаның өндірістік мониторингі бағдарламасын әзірлеу;

атмосфераға шығарылатын зиянды қалдықтарды азайту бойынша табиғатты қорғау і с - ш а р а л а р ы н о р ы н д а у ;

қатты тұрмыстық қалдықтарды, құрамында сынап бар аспаптарды, аккумуляторларды, иондаушы сәуле көздерін, мазутты жер қыртысын, темір с ы н ы қ т а р ы н п а й д а ғ а а с ы р у .

Кәсіпорынға жыл сайын қоршаған ортаны, еңбекті және техника қауіпсіздігін қорғауға бағытталған іс-шараларды өткізуге шамамен 30 млн. теңге бөлу қажет болады.

2.2. 2003-2005 жылдарға арналған инвестициялық қызмет

2003-2005 жылдары кәсіпорын жалпы сомасы 10 791 млн. теңге инвестициялар жүргізуді жоспарлауда, оның ішінде жеке қаражаты есебінен - 6428 млн. теңге және заем қаражаты есебінен 4364 млн. теңге (5-қосымша). Инвестициялар радиотехникалық құралдарды және электр байланысын ауыстыруға және дамытуға, өндірістік қажетті негізгі құралдарды сатып алуға, құрылыс-монтаж жұмыстарына, оның ішінде " Транспорт Тауер" ғимаратына пайдаланылатын болады.

2003 жылы инвестициялар 3 914 млн. теңгені, 2004 жылы 3 477 млн. теңгені және 2005 жылы 3 401 млн. теңгені құрайды.

Инвестициялар төмендегі бағыттар бойынша жоспарлануда:

ӘҚҰ радиотехникалық қамтамасыз етуді дамыту, жаңарту және ауыстыру - 8 833 млн. теңге, оның ішінде 2003 жылы - 3 021 млн. теңге;

кредиттер, құрылыс-монтаж жұмыстары, басқа да негізді құралдарды сатып алу - 1 958 млн. теңге, оның ішінде 2003 жылы - 893 млн. теңге.

1 ӘҚҰ және ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз етуді дамыту, жаңғырту және а у ы с т ы р у .

1) Әуе қозғалысын бақылау радиотехникалық жабдығы.

Бұл бөлімше бойынша қажет болатын инвестициялар сомасы 2003-2005 жылдарда -

2 633 млн. теңге, оның ішінде 2003 жылы - 1 586 млн. теңге. Қаражат радиолокациялық бақылау жабдығын, әуе жағдайын бейнелеу аппаратурасын және диспетчерлік құрамды дайындау және қайтадан оқыту үшін тренажер кешендерін, радиолокациялық кешендерді энергиямен жабдықтау және автоматтандырылған жүйелермен кездесетін жабдықты сатып алуға бағытталатын болады.

Моноимпульсті қайталама радиолокаторлар: 2003 жыл ішінде Ақтөбе және Қарағанды әуеайлақ аймақтарында әуе қозғалысына радиолокациялық бақылауды қамтамасыз ету үшін МВРЛ-СВК үлгідегі екі радиолокациялық кешен сатып алу жоспарлануда.

2003 - 2005 жылдар ішінде:

қону қауіпсіздігін бақылау функциясы бар "Синтез АРМ-А" әуеайлақ аймағы диспетчерлерінің АЖО, Ақтөбе әуеайлақ аймағында әуе қозғалысын автоматтандыру құралдарын, сондай-ақ кейіннен ADS автоматты тәуелді бақылау технологиясына көшу перспективасымен Астанада автоматтандырылған жол жүйесі кешенін сатып алу іске асырылатын болады;

"Радуга-2", МВРЛ-СВК қайталама радиолокациялық станцияларын жетілдіру және жаңарту. Қайталама радиолокациялық станцияларды пайдалану кезеңінде, күрделі метеорологиялық жағдайды ескере отырып, оларға жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі пайда болды. Сонымен қатар, олардың ӘҚБ АЖ түйісуін қамтамасыз ететін аспапты-бағдарламалық кешендердің жетілдірілуін жүзеге асыру қажет.

2004 жыл ішінде әуе қозғалысы неғұрлым қарқынды Ақтау немесе Атырау әуежайларының, сондай-ақ Астана әуеайлағы үшін қосалқы болып табылатын Қарағанды әуежайының әуеайлақ аймағында екі радиолокациялық станцияны ауыстыру жоспарлануда.

2003 жыл ішінде оларға RBS режимін қамтамасыз ететін қайталама блокты орналастыру арқылы ДРЛ-7СМ радиолокаторларын күрделі жөндеуден өткізу керек, бұл олардың пайдалану мерзімін 6 жылға дейін ұзартады. Бұл бағдарлама 2004-2005 жылдары бұдан әрі жалғастырылатын болады, бұл әуе қозғалысының қарқыны жоғары емес әуеайлақ аймақтарындағы радиолокациялық кешендер жабдығын ауыстыру үшін жалпы инвестицияларды едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

Радиотехникалық қамтамасыз ету және байланыс объектілері үшін өлшеу құралдары: 2003 жылы филиалдардағы өлшеу техникасы паркін ауыстыру жоспарлануда, өйткені күрделі радиотехникалық кешендерді, хабарлау сандық жүйесін және басқа да қазіргі заманғы жабдықты пайдалану көп функциялы өлшеу құралдарын қолдану арқылы арнайы өлшеу жұмыстарын өткізуді талап етеді.

2003 жылы ӘҚБ АЖ екі жолдық және екі әуеайлақтық орталықтарын, "Thales" фирмасы шығарған екі "STAR 2000" бастапқы радиолокаторларын пайдаланудың кепілдік мерзімінің аяқталуына байланысты және оларды пайдалануға дайын күйінде

ұстау үшін қосалқы бөлшектер кешенін және жинақтаушы бұйымдарды сатып алу, жасап шығарушы зауытта тораптар мен блоктарды жөндеуді жүзеге асыру, бағдарламалық қамтамасыз етудің жұмыс болжамына қажетті өзгерістерді енгізу іске асырылатын болады.

2) Әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ететін радионавигациялық жабдық.

Бұл бөлімше бойынша инвестициялар сомасы 2003-2005 жылдары - 1 632 млн. теңге, оның ішінде 2003 жылы - 519 млн. теңге.

Бұл тармақта радионавигациялық жабдықтар - қондыру жүйесі (бұдан әрі - ҚЖ), жан-жаққа бағытталған VOR/DME стандартты радиомаяктар, маркерлі маяктары бар жетекті радиостанциялар (МРБ КРС), автоматты радиопеленгаторларға қажеттілік келтірілген.

Белгіленген ресурсын бітіруіне байланысты 2003-2005 жылдар ішінде мыналар:

ӘК ұшуының қауіпсіздігіне күшті әсер ететін ұшақтарды қондырудың радиомаяқтық жүйелерінің он төрт жиынтығын ауыстыру, олардың жұмыстан шығуы, күрделі метеожағдайларда қону кезінде экипаждың іс-қимылын біршама қиындатады және әуеайлақтағы ұшулардың жүйелігін бұзады;

кәсіпорынның филиалдарын жан-жаққа бағытталған VOR/DME стандартты радиомаяктарымен жарақтандыру, РСБН үлгісіндегі маяктар ИКАО-ның VOR/DME стандартты маяктарына ауыстырылатын болады;

белгілеуіш маяктары бар жетекті радиостанцияларының 55 жиынтығын ауыстыру; автоматты ӘЖЖ радиопеленгаторлардың 8 жиынтығын ауыстыру іске асырылатын болады.

3) Авиациялық электр байланысының жабдығы.

Бұл бөлімше бойынша инвестициялар сомасы 2003-2005 жылдарда - 4 226 млн. теңге, оның ішінде 2003 жылда - 757 млн. теңге.

Бұл тармақ жерүсті және әуедегі электр байланысын қоса алғандағы, авиациялық электр байланысы құралдарына қажеттілікті қамтиды. Онда ЖЖ және ӘЖЖ өрісті радиобайланыс құралдарына, ӘЖЖ және ЖЖ радиобайланыс құралдарын басқару құрылғыларына, дауыстап сөйлеу диспетчерлік коммутаторларына, аэронавигациялық ақпараттар және ӘҚБ хабарлау үшін қажетті тораптық және магистралды жабдыққа, сондай-ақ аэронавигациялық белгіленген телекоммуникациялық желінің жабдығына (бұдан әрі - АФТН) қажеттіліктер ескерілген.

Диспетчерлік дауыстап сөйлеу байланысы жабдығының белгіленген ресурсының бітуіне байланысты 2003-2005 жылдар ішінде мыналарды орнатуды жүзеге асыру қажет:

"DENRO" фирмасының жабдығы (ӘҚБ АЖ орталықтарында пайдаланылады);

іздеу және құтқару қызметін құлақтандыруға арналған "Горн" жабдығы.

"Соңғы миля" жабдығы қызмет мерзімінің аяқталуына байланысты және сандық дабылдарды беруді қамтамасыз ету үшін, 2003-2005 жылдары мына учаскелерде

байланыс кабелін, оның ішінде талшықтық-оптикалық байланыс желілерін (бұдан әрі - ТОБЖ) ауыстыру жоспарлануда: "әуежай-қала" учаскесінде, командалық-диспетчерлік пункт - хабарлау орталығын, командалық-диспетчерлік пункт - шолу радиолокаторын қоса алғанда, байланыс кабелінің ауыстырылуын жүзеге асыру. 2002 жылы басталып, 2003-2005 жылдары параметрлері бір уақытта сандық телекоммуникация жүйесінің деңгейіне жеткізілетін, кабелді кезең-кезеңімен ауыстыру бағдарламасы жалғасатын болады. ТОБЖ бұл талаптарға толық жауап береді, төселетін ТОБЖ-дың жалпы көлемі жылына 20 км. құрайды. Өзара резервтелетін ТОБЖ және радиорелелі желілер жүйесі 2005 жылы, талап етілген өткізу мүмкіншілігімен, жоғары сапалы байланыс арнасындағы АНЖ қажеттілігін қамтамасыз ететін толық сандық байланыс желісі үшін негіз болады.

Аэронавигациялық телекоммуникация желісінің жабдығы (бұдан әрі - АТН) үшін:

ӘҚБ АЖ орталықтарындағы шығарылған радиолокациялық айқындамаларды ықпалдастыру үшін байланыс арналарын ұйымдастыру кезінде сенімділікті қамтамасыз ету үшін Ақтауда, Атырауда, Аралда, Қостанайда, Астанада және Жезқазғанда алты жерүсті спутниктік байланыс станцияларын, мультиплексациялау жабдығын орнату;

арнайы аппараттық-бағдарламалық кешенмен жабдықталған, барлық сандық сегменттер жабдығымен біріктірілген желіні басқару орталығын құру;

2005 жылы Алматыдан басқа барлық АТС-тардың қызмет мерзімі аяқталуына байланысты, кәсіпорын филиалдары үшін 3600 телефон нөмірін сатып алу жоспарлануда.

ЖЖ және ӨЖЖ авиациялық байланыс жабдығы (радиоқабылдағыштар, радиохабарлаушылар және радиостанциялар) белгіленген қызмет мерзімін бітірді және есептен шығаруға жатады. Сонымен бірге, 2000 жылдан бастап 8,33 килогерц құратын жиіліктер торының жаңа аршыны енгізілді және жабдықтың бұл түріне ИКАО стандарттары өзгертілді. Ауыстырылатын жабдықтың аса көп болуына байланысты жеткізу 2003-2005 жылдардың барлық кезеңінде іске асырылатын болады.

ӨЖЖ радиобайланыстың шығарылған радио ретрансляторларын басқару үшін пайдаланылатын трансляция радиобайланысының жабдығы (бұдан әрі - ТРБ) қызмет мерзімінің аяқталуына байланысты 2003 жыл ішінде оны ауыстыру жоспарлануда. Бұл жабдықтың шығарылуын АА 408 зауыты жүзеге асырады және қажетті сертификаты бар.

2003-2005 жылдар ішінде АФТН желісін дамыту және оны мәліметтерді хабарлау корпоративті желісіне интеграциялау үшін технологиялық жабдықтың, бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңартылуы жүзеге асырылатын болады.

4) ӘҚҰ қамтамасыз етудің электр техникалық жабдығы.

Бұл бөлім бойынша инвестициялардың жалпы сомасы 2003-2005 жылдары - 69 млн. теңге, оның ішінде 2003 жылы - 28 млн. теңге.

Дизель-электр агрегаттары - қызмет мерзімінің аяқталуына байланысты 2003-2005

жылдары кәсіпорынның радиотехникалық объектілерінің тұрақты және үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін қолда бар дизель-генераторлар паркінің бір бөлігін а у ы с т ы р у қ а ж е т .

Электрмен үзіліссіз қоректендіру көздерінің (бұдан әрі - ҰЭҚК) біршама тозғанына байланысты 2003-2005 жылдары оларды ауыстыру және жаңарту, сондай-ақ пайдалануға жаңадан енгізілетін радиоэлектронды кешендердің электрмен қоректендірілуін қамтамасыз ету үшін жаңаларын сатып алу жоспарлануда.

5) Инвестициялар, ілеспе жобалар.

Бұл бөлім бойынша 2003-2005 жылдардағы инвестициялардың жалпы сомасы - 205 млн. теңге, оның ішінде 2003 жылы - 63 млн. теңге.

Кедендік алымдар: сатып алынатын ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету жабдығының жеткізушілері таяу және алыс шетел кәсіпорындары екендігін ескере отырып, кедендік құжаттарды ресімдеу бойынша шығыстар болжануда.

Жобалау-сметалық құжаттарды әзірлеу: ұшуды қамтамасыз етудің радиотехникалық жабдығын орнату және пайдалануға енгізу әзірленген жобалау-сметалық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

РТЖ айқындамаларын, объектілерін салу (жаңадан, ауыстыру): ұшуды қамтамасыз етудің радионавигациялық жүйелер және авиациялық электр байланысы жабдығын жаңарту бағдарламасын іске асыру біршама көлемдегі құрылыс жұмыстарын орындауды қажет етеді (алаңдарды, іргетасын тұрғызу т.б.). Негізінен бұл жұмыстарды қазақстандық мердігерлер орындайды. Бұл мақсаттарға арналған инвестициялар көлемі АНЖ радиотехникалық кешендерінің жабдығын ауыстыру және жаңарту бойынша бағдарламаның көлеміне және күрделілігіне сәйкес келеді.

2. Кредиттер, құрылыс-монтаж жұмыстары және басқа да негізгі құралдарды сатып а л у

1) Банктердің және банктік операциялардың белгілі бір түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың өткен жылдардағы келісім-шарттар бойынша берген кредиттері: THALES (Thomson - CSF Airys), 1997 жылғы 20 қаңтардағы N 1- 28/017 КД-в келісім-шарты, 1996 жылғы 16 наурыздағы N 607/PBP келісім-шарты THALES (Thomson - CSF Airys) компаниясымен "Қазақстан Республикасының 1996 жылға арналған инвестициялық бағдарламасы" шеңберінде (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы N 141 қаулысы) Алматы және Астана қалаларындағы "WATCHKEEPER" әуеайлық аймағына екі "STAR-2000" әуеайлақ радиолокаторын және екі ӘҚБ АЖ орталығын (әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі) жеткізу үшін ж а с а л ғ а н б о л а т ы н .

Бұл инвестициялық жобаның қаржыландырылуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен (Француз кредит желілерін пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1666 қаулысы) 2010 жылға дейін өтеу мерзімімен қамтамасыз етілген.

2) Басқа да негізгі құралдарға инвестициялар.

Бұл бөлімше бойынша инвестициялардың жалпы сомасы 2003-2005 жылдарда 1120 млн. теңгені, оның ішінде 2003 жылы - 622 млн. теңгені құрайды.

Құрылыс-монтаж жұмыстары - қатты тозуына байланысты, жоспарлы түрде жаңа құрылыстарды салу және қолда бар объектілерді қалпына келтіруді жүзеге асыру:

электрмен жабдықтау желілері;
бокстар мен гараждар құрылысы;
қосымша ғимараттар мен құрылыстар салу (қазандықтар, дизель қазандықтары,
қоймалар және басқалары);

Астанадағы "Транспорт Тауэр" құрылысы.

Құрылыс жұмыстарын жүргізуге мердігерлерді таңдап алу конкурстық негізде өткізіледі. Сомалар жобалау-сметалық құжаттар бойынша, сондай-ақ бұрынғы жылдары осындай жұмыстарды өткізу тәжірибесіне байланысты алдын ала бағаланады.

Көлік құралдары қызмет мерзімінің аяқталуына байланысты 2003-2005 жылдар ішінде төмендегі технологиялық көліктің ауыстырылуын жүзеге асыру жоспарлануда:

өндірістік процесті қамтамасыз ету үшін автомобильдер (кезекші автомобильдер, ұшу басшыларының машиналары, персоналды радиотехникалық объектілерге жеткізу, технологиялық жүктерді және жабдықты тасымалдау және т.б.);

радиомаяк жүйелерінің күрделі аймақтарын күтіп ұстау үшін автотрактор техникасы (қыста қар күреу және жазда шөп шабу), объектілерге жолдарды ашу және оларды жылдың кез келген мезгілінде тәртіппен ұстау.

Көлік құралдарының құны рыноктың ағымдағы баға ұсыныстарын негізге ала отырып анықталады. Жеткізушіні таңдап алу конкурстық негізде жүргізілетін болады.

ӘҚБ жүйесі диспетчерлерінің АЖО ұстау және дамыту, кәсіпорынның өндірістік қызметін автоматтандыру (әуе қозғалысын жоспарлау, аэронавигациялық алымдарды есепке алу, бухгалтерлік есеп және т.с.с.) үшін арналған есептеуіш техникада компьютерлерді, олардың шеткері құрылғыларын мезгіл-мезгіл ауыстыру, бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту жүргізілетін болады.

Қолдануға жарамайтын жиһазды жинақы және жалпы дизайнға жауап беретінге ауыстыруды жүргізу жоспарлануда.

"Қазаэронавигация" РМК диспетчерлік және инженер-техникалық персоналының талап етілген сапалы арнайы дайындығын өткізу үшін Техникалық пайдалану және кадрларды даярлау орталығын (бұдан әрі - ТП және КД) стенд және тренажер жабдығымен, бейне және аудио оқу құралдарымен жарақтандыруды жүргізу қажет.

Инфрақұрылымда климотехника (желдеткіш және кондиционерлер), күзет-өрт дабылдамасы жүйесінің, су құбыры-кәріз және жылыту жүйесінің, ұйымдастыру және тұрмыстық техника жабдығын сатып алу, жартылай ауыстыру және жаңғырту жоспарлануда.

Кәсіпорынның инвестициялық бағдарламасы заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілетін болады.

3. Дамудың маңызды көрсеткіштерінің болжамы

3.1. Маркетингтік зерттеулер.

Қазақстан Республикасының әуе жолдарын пайдалануға, сондай-ақ тұтастай алғанда Еуропадан Оңтүстік-Шығыс Азияға және кері ұшуларды орындау серпініне жүргізілген талдау Қазақстан Республикасының авиатасымалдары ішкі рыногына шетел авиакомпанияларын тарту бойынша төмендегідей іс-шараларды өткізу қажеттілігін көрсетеді:

1) Қазақстан Республикасы әуе жолдарының әлеуетін барынша пайдалану және халықаралық әуе жолдарын оңтайландыру, оның ішінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі ағындарды неғұрлым ұзағырақ бағыттарға қайта бөлу және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін айналып өтіп жатқан ағындарды қосымша тарту мәселелері жөнінде тиісті мемлекеттердің авиакомпанияларымен және аэронавигациялық қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау;

2) азаматтық авиацияның халықаралық ұйымдары ИКАО, ИАТА-мен Қазақстан Республикасының аумағында рейстерді орындайтын авиакомпанияларының АНҚ үшін алым мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

3) мүдделі мемлекеттердің әскери ведомстволарымен мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тиісті құрылымдарымен өзара іс-қимыл;

4) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Сыртқы істер министрлігімен және Қорғаныс министрлігімен бірлескен іс-шаралар жүргізуді әзірлеу жолымен Қазақстан Республикасының ӘК пайдалануға рұқсат алу рәсімін жеңілдету, алыс шетел авиакомпанияларының транзиттік чартерлік ұшуларын қосымша тарту;

5) нарық жағдайының өзгеруіне жедел үн қатуға мүмкіндік беретін, АНҚ үшін алымдар ставкаларын қолдану жөнінде нормативтік құқықтық базаны әзірлеу және енгізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігімен өзара іс-қимыл жасау;

6) авиакөлік секторы және оның ішінде аэронавигация саласындағы халықаралық кеңестер мен көрмелерге қатысу, осындай іс-шараларды Қазақстан Республикасында ұйымдастыру және өткізу.

Қазақстан Республикасының аумағына қосымша ағындарды тарту бойынша жұмыстар шеңберінде, көрсетілетін қызметтер көлемінің өсуіне мүмкіндік беретін ұшулар қауіпсіздігі деңгейін үнемі көтеру, Қазақстан Республикасының ӘҚҰ жаңғырту және "Қазаэронавигация" РМК авиадиспетчерлерінің және инженерлік-техникалық персоналының жоғары кәсіби дайындығын жүзеге асыру бойынша іс-шараларды өткізу қажет.

3.2. Болжамды тарифтер

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардың әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуге Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген тарифтер 1998 жылдан 2002 жылға дейін қоса алған кезеңде өзгерген жоқ және көршілес мемлекеттермен салыстырғанда салыстырмалы бәсекеге қабілеттілігін сақтауда.

АНҚ үшін қолданылып жүрген тарифтер әуе кемесінің ең үлкен ұшу салмағына, пайдаланушының мемлекеттік тиесілілігіне, рейс түріне қарай бөлінеді.

2001 жылғы қыркүйек оқиғаларынан кейін табыстың азаюы салдарынан және көрсетілетін қызметтер көлемін сақтау мақсатында, кәсіпорын Қазақстан Республикасының ӘК пайдаланушыларының ӘК АНҚ үшін қолданылып жүрген алымдар ставкасына төмендету коэффициенттерін қолдану мүмкіндігін көздеуде.

Нақты қалыптасқан және болжанатын тарифтер 1 (2 НК нысаны), 2, 6 (1 НК/1 нысаны), 7-қосымшаларда көрсетілген, олар монополияға қарсы заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілетін болады.

3.3. Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қатынас

